

М. Қосыбаев^{*1} , М. Адилов² , М. Ендібай¹ 

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

(E-mail: *kossybayev_mm@enu.kz, marlenadilov88@gmail.com, magzhanwendibay01@gmail.com)

М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегіндегі мақал-мәтелдердің ерекшеліктері

Аңдатпа. Мақал-мәтелдер – мәдениетті тану кілті, рухани және материалдық мәдениеттің қалыптасуына қатысатын үлкен күш, ұлттың мәдени ескерткіші, ұлт өмірінің айнасы, халықтың көркем ойын айшықтайтын фольклор.

Ұтымды айтылып, қысқа қайырылатын даналық сөздер көне түркіден қалыптасқан, бұл – адамның сан ғасырлық өмір тәжірибесінен туатын құбылыс. Халық арасында қолданыс негізінде мақал мен мәтелге айналып кеткен, ежелгі заманнан қазіргі уақытқа жеткен терең мағыналы гибратты сөздерді қорытынды пікірлер деп қабылдауға негіз бар.

Орта ғасыр түркі жазба ескерткіштерінің бірқатары, мәселен Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Йүгінеки қаламынан туған жәдігерлерде мақал-мәтелдер молынан ұшырасады. Орта ғасыр мұраларындағы мақал-мәтелдерді зерттеу арқылы түркілік дүниетанымды зерделеуге зор мүмкіндік туады. Ескіні білу арқылы жаңаны тану, атадан қалған мұраны зерттеу, оларды қазақ халқының игілігіне пайдалану – бүгінгі күннің басты талабы. Мақалада М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегіндегі мақал-мәтелдердің ерекшеліктері талданады.

Түйін сөздер: мақал-мәтелдер, орта ғасыр, Махмұт Қашқари, «Диуани лұғат ит-түрік», жазба ескерткіш, түркі халықтары, сабақтастық.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-148-3-69-79>

Түсті: 13.08.2023; Жөнделді: 05.09.2024; Мақұлданды: 20.09.2024; Онлайн қолжетімді: 28.09.2024

Кіріспе

«Фольклортану» терминдер сөздігінде мақал мен мәтелге осы сипатта анықтама беріледі: «Мақал-мәтел – халық тұрмыс-тіршілігінің, дүниетанымының, ақыл-ойының, еңбегі мен өмір тәжірибесінің қорытындысын сан ұрпақтың санасына сіңіріп келген шағын жанрлардың көне түрі. Онда ұлттың танымдық көзқарасы, адамгершілік-этикалық, әлеуметтік-эстетикалық, көркемдік тәрбиелік мақсат-мұраттары көрініс береді» [1, 136 б.].

Мақал мен мәтел – егіз лингвистикалық бірлік. Дегенмен мағынасына, құрылысына, атқаратын қызметіне қарағанда өзіндік айырмашылықтары бар. Мақал аяқталған бір тиянақты ойды білдіреді, өз алдына тұрып та дербес мағына береді. А. Байтұрсынұлы өз еңбегінде мақал мен мәтел терминдерін ажыратып түсініктеме ұсынады: «Мәтел дегеніміз кезіне келгенде кезегімен айтылатын белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат ретінде айтылады» [2]. Сондай-ақ автор қара сөз бен

дарынды сөз жүйесіне тоқтап, өрнекті сөйлемдер, шешен сөз, дарынды сөз, ділмәр сөз деп қарастырады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақал-мәтелдерді жинақтауда «Диуани лұғат ит-түрк» жазба ескерткішінің А.Қ. Егеубай тарапынан аударылған үш томдық «Түрік сөздігі» еңбегі пайдаланылды. Сонымен қатар ғылыми мақаланы орындау барысында тарихи-салыстырмалы зерттеу, жинақтау, сипаттау, топтау, жүйелеу, семантикалық талдау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Қазақ халқының мақал-мәтелдерінің дамуын зерттеуші ғалымдар үш кезеңге бөліп қарастырады: *I кезең* – ХІХ ғасырдың екінші жартысынан ХХ ғасырдың 40-50 жылдарына дейінгі кезең: мақал-мәтелдер алғаш халық аузынан жинақталып, қағаз бетіне түскен кез (Ш. Уәлиханов [3], Ы. Алтынсарин [4], И. Березин [5], Ә. Диваев [6], В. Радлов [7], Ш. Ибрагимов [8], П.М. Мелиоранский [9], Н.Н. Пантусов [10] т.б.); *II кезең* – ХХ ғасырдың екінші жартысы: мақал-мәтелдердің ғылым объектісіне айналған кезі (Р. Сәрсенбаев, Ә. Қайдар, Ә. Айтбаев, М. Мұқанов, З. Ерназарова, Қ. Бейсенов, Ғ. Тұрабаева, А. Нұрмаханов және т.б.); *III кезең* – ХХІ ғасыр: тіл білімінде мақал-мәтелдер паремиялогияның зерттеу объектісіне айналып, антропоэктілік бағытта қарастырылуы (Ә. Қайдар, С. Қанапина, Р. Атаханова, т.б.).

Қазіргі түркі тілдеріндегі паремиялық жүйенің ортақ негізі – түркі жазба ескерткіштері тіліндегі мақал-мәтелдер қоры. Яғни, қазақ мақал-мәтелдерінің шығу төркіні көне түркі жазба ескерткіштерімен тікелей байланысты, бұл А. Аманжолов [11], Ғ. Мұсабаев [12], Ғ. Айдаров [13], М. Томанов [13], Ә. Құрышжанов [13], М. Жолдасбеков [14], Х. Сүйінішәлиев [15] еңбектерінен көрінеді.

Орхон-Енисей жазбалары, «Құтты білік», «Диуани-лұғат ит-түрк» еңбектерінде кездесетін мақал-мәтелдер бүгінде түркі халықтарының тілінде қолданыста. Ә. Қайдар мақал-мәтелдерді «өз бастауын адам баласының тым ертедегі саналы қоғам құраған балаң кезінен алып, ғасырлар бойы еленіп-екшеліп, сұрыпталып, толассыз толығып келе жатқан жанды құбылыс, халық даналығының қорланып жиналған қоры, атадан – балаға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан рухани мұрасы» деп тоқталады [16, 6 б.].

Ә. Құрышжановтың құрастыруымен жарық көрген «Сөз атасы» атты жинаққа VII-XVII ғасырлар аралығындағы түркі халықтарына ортақ жырларда кездесетін мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер енген. Ғалым жанрдың шығу төркіні, көркемдік деңгейі, тақырыптық-мазмұндық ерекшеліктері жөнінде сөз қозғайды. Сонымен қатар автор рулық-тайпалық, ислам және Алтын орда, қыпшақ дәуірлеріндегі қоғамдағы жаңа өзгерістер өмірге жаңа мақал-мәтелдер әкелгені, олардың қазіргі қазақ тілінен онша алшақ кетпейтіні жайлы пікір де білдіреді: «Көне түрк тілдері мен қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемдердің құрылу жүйесі, жалпы алып қарағанда бірдей болғандықтан және бұл тілдерде қолданылатын көптеген сөздердің мағыналық (лексика-семантикалық, синтаксистік) қатынасы өзара ұқсас (шамалас) келетіндіктен, оларды аудару үстінде де түпнұсқаның ішкі сыры мен сыртқы сипатын бұзбауға тырыстық» [17, 6 б.].

Орта ғасыр жазба ескерткіштерінде жалпытүркілік таным, мәдениет, тұтастық мәселелеріне айрықша мән беріледі. Бұл түркі халықтарының әлемдік өркениеттен алар орнын айшықтап көрсетуге бағытталған жалпытүркілік мүддеден туындайды. Олардың рухани-мәдени құндылықтарды сипаттайтын маңызды пайымдаулары мақал-мәтелдер арқылы тұжырымдалып отырады. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білігі» поэмасы, Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігі, Ахмед Йүгнекидің «Һибат-ул хақайық» еңбегі және Ахмет Йассауидің «Диуани хикметі» қараханидтер дәуіріндегі түркі халықтарының рухани-мәдени деңгейінің жоғарылығын, жазба тілінің көркемдік қуатын сипаттайтын мұралар қатарынан орын алады. Өз дәуірінің тілін Жүсіп Баласағұн «Бутрахан тілі», Махмұд Қашқари «Хакания тілі», Ахмет Йүгнеки «Қашғар тілі» деп атағаны жәдігерлер мәтіндерінен мәлім.

Махмұт Қашқари өзінің «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегі арқылы түркі халқының ұлылығын танытты, түркі тілдерінің жасампаздығын жариялады және түркі өркениетінің рухани күш-жігерін, елдік парасаты мен ғылыми дүниетанымын паш етті. Ұлы ғұламаның аяғынан тозып, ел аралап, мұра етіп жазып қалдырған сөздігі – түркі халықтарының ішіндегі тұңғыш грамматикалық еңбек. Мақалада Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігінде ұшырасатын [18; 19; 20] мақал-мәтелдер жинақталып төмендегідей **тақырыптық топтарға** бөлінді:

1) Ескерткіш тіліндегі жан-жануарлар, аң-құс, жәндіктер тақырыбына қатысты мақал-мәтелдер:

Алымшы – арыстан, беруші – тышқан. – Алымшы арслан, берімші сышган [18, 106 б.].

Айламен арыстан тұтылар, күшпен қарақшы да тұтылмас. – Алын арслан тұтар, күшін үйұқ тұтмас [18, 113 б.].

Арыстан күркіресе, аттың аяғы сүрінер. – Арслан көкресе ат адзақы тұшалыр [19, 206 б.].

Түлкі өз ініне үрсе, қотыр болар (өз елін, өз шаһарын жамандаушыларға айтылған). – Тілкү өз ініге үрсе үдзүз болұр [18, 85 б.].

Өлетін тышқан мысықтың тасағын қасиды. – Өлдеші сышган мұш ташақы қашыр [19, 498 б.].

Итке ұят кірсе, ұлтан жемес. – Ытқа ұвұт етсә ұлдаң иемәс [19, 147 б.].

Ит қаппас, ат теппес деме. – Ыт ысырмас ат тепмес теме [20, 212 б.].

Шегір көз ит атқа теңдесер, шегір көз ат итке теңелмес. – Ыт шақыры атқа тегір, ат шақыры ытқа тегмес [19, 421 б.].

Құс жаманы сауысқан, ағаш жаманы азған, жер жаманы қазған, ел жаманы барсған. – Құш иафұзы сағзыған, иығаш иафұзы азған, иер иафұзы қазған, бұдұн иафұзы барсған [19, 499 б.].

Көп ағашқа құс қонар, көрікті кісіге сөз келер. – Көп сөгүтке құш қонар, көрклүг кішіге сөз келір [19, 379 б.].

Құс – қанатымен, ер – атымен. – Құш қанатын ер атын [18, 64 б.].

Қаз тұрса, үйрек көлді жағалар. – Қаз қопса, өрдәк көліг ігенүр [18, 135 б.].

Бүркіт ысқырса, өлім келер. – Ұс үшкүрсе, өлүр [18, 271 б.].

Қалың қаз бастаушысыз болмас. – Қалың қаз құлабызсыз болмас [18, 546 б.].

Қарға қазға еліктесе, аяғы сынар. – Қарға қазға өлкүнсе, пұты сынұр [18, 302 б.].

Бір қарғамен қыс келмес. – Бір қарға бірле қыш келмес [19, 45 б.].

Қарғаның кәрісін кім білер, адамның аласын кім табар? – Қарға қарысын кім білір, кіші аласын кім тапар [18, 486 б.].

Бөрінікі ортақ, құзғындыкі ағаш басында. – Бөрінің ортақ құзғынның иығаш башында [18, 499 б.].

Зерікпеген (жалықпаған) боз құс ұстар, саспаған ақ құс ұстар (Адам шыдамды, төзімді болса, ақ лашын ұстап алар, әбдіреп саспаса, лашынның ең жақсысын ұстар). – Пұшмазар боз құш тұтар, екмесер үрүң құш тұтар [20, 25 б.].

Сашыратқыдан қорыққан құс қырық жыл ағаш үстіне қонбас. – Сашыратғұдын қорқмыш құш қырқ иыл адзры иығаш үзе қонмас [19, 477 б.].

Балықтың өзі суда, көзі тыста. – Балық сувда, көзі таштын [18, 437 б.].

Қырдағы қырғауылды аулаймын деп, үйдегі тауықтан айырылып қалма. – Иазыдақы сүвлін едзергелі евдекі тақағұ ышғынта [18, 507 б.].

Сасқан шыбын сүтке түсер (Әбдіреген шыбын сүтке түсер). – Евек сіңек сүтке түшүр [20, 28 б.].

Мысықтың баласы мияулап туар (Мінез-құлқы атасына тартқан балаларды меңзеп айтылған). – Мүш оглы миұавұ тұғар [20, 29 б.].

Мысық ілулі майға жете алмай, «кісі нәрсесі жарамас дер!» – Мүш йақырқа тегішмес айұр кіші неңі йарашмас [19, 141 б.].

Тұйғынның жүйрігін түлкі сүймес. – Тайған иүгрүгүн тілкү севмес [19, 31 б.].

Араны қоздырса – шағар. – Ары қафшытса ысрұр [19, 474 б.].

2) Ескерткіш тіліндегі төрт түлік, мал тақырыбына қатысты мақал-мәтелдер:

Аңдыз болса, ат өлмес. – Аңдүз болса ат өлмәс [18, 147 б.].

Малды бұзып болып, құйрыққа пышақ сындырып алма. – Тоқұм бұзуп, құдрықта пішақ сыма [18, 534 б.].

Өгіздің аяғы болғанша, бұзаудың басы болса игі. – Өкүз азақы болғынша бұзағу башы болса ииг [18, 89 б.].

Қорада лақ туса, арықта шөп өнер. – Ағылда оглақ тұгса, арықта оты үнер [18, 95 б.].

Ат жалының жауыры ұлга қалар. – Ұлұқ иағыры оғұлқа қалыр [18, 98 б.].

Еркеш еті ем болар, ешкі еті жел болар. – Еркеш еті ем болұр, ешкү еті ел болұр [18, 126 б.].

Инген аңыраса, бота боздар. – Ингән іңрәса ботұ бозлар [18, 151 б.].

Арпасыз ат қыр аса алмас, арқасыз алып шерік бастай алмас. – Арпасыз ат ашұмас арқасыз ала шерік сыйұмас [18, 154 б.].

Екі бура сүйкенсе, ортасында шыбын жанышлар. – Іккі бұғра ікешүр, отра көкегүн ианшылар [18, 225 б.].

Тай ат болса, ат тынар, ұл ержетсе, ата тынар. – Тай ататса ат тынұр, оғұл ерезсе ата тынұр [18, 247 б.].

Үйдегі бұзау өгіз болмас. – Ебдекі бұзағу өкүз болмас [18, 506 б.].

Есек айтар: басым болса, теңізден су ішермін. – Ешиек айұр башым болса, сұндырыда сув ішкеймен [18, 551 б.].

Ат қасқасы ай болмас. – Ат текүзлікі ай болмас [18, 567 б.].

Шарық болса, адам аяғы ойылмас, тоқым болса ат жауыр болмас. – Ізлік болса ер ұлдымас, ішлік болса ат иағрымас [18, 136 б.].

Қырман баспақ бозторғайдың ісі емес. – Сұндылаш ышы ермес өрткүн тепмек [18, 586 б.].

Түйе жүкті көтерсе, шөмішті де көтерер. – Теве иүк көтүрсе қамыш иеме көтүрүр [19, 93 б.].

Болар бұзау өгіз арасында-ақ белгілі. – Болдашы бұзағу өгүз ара белгүлүг [18, 587 б.].

Екі бура үйкесер, ортасында көк шыбын жанышлар. – Іккі бұғра ікешүр, отра көкегүн ианшылұр [19, 417 б.].

3) Ескерткіш тіліндегі табиғат атаулары, табиғат құбылыстары тақырыбына қатысты мақал-мәтелдер:

Тау арқанмен иілмес, теңіз қайықпен бөгелмес. – Тағыз ұқрұқын егмес, теңізні қайғықын бөгмес [18, 132 б.].

Күнге қараса, көз қарығар. – Күнге бақса көз қамар [18, 399 б.].

Мәжнүн талға нәзіктік, қайыңға қаттылық жарасар. – Сөгүт сүліңе қадзың қасыңа [18, 414 б.].

Толған ай қолмен ымдалмас. – Ай толұн болса елігін імлемес [18, 114 б.].

Тасты шайнамаса, сүю керек. – Ташығ ысрұмаса өпміш керек [18, 195 б.].

Отты жалынмен өшірмес. – Отұғ одзғұш бірле өшүрмес [18, 211 б.].

Сусаганға сағымның бәрі су көрінер. – Ұсұқмышқа сақығ қамұғ сув көрүнүр [18, 225 б.].

Қураған ағаш иілмес, құрылған кіріш (садақтың кіріші) киілмес. – Құрұғ иығаш егілмес, құрмыш кіріш түгүлмес [18, 237 б.].

Қыс қонағы от. – Қыш қонұқы от [18, 391 б.].

Құздан қар кетпес, қойдан май кетпес. – Құзда қар ексүмес, қойда иағ ексүмес [18, 385 б.].

Күздің келісі жаздан білінер. – Күз келігі иазын белгүрер [19, 239 б.].

Ағынды өзен өткелсіз болмас. – Қайнар өгүз кешіксіз болмас [18, 450 б.].

Тастақта шөп болмас, тазда ұят болмас. – Чахшақ үзе от болмас чақрақ біле үвұт болмас [18, 531 б.].

Қара бұлтты жел ашар, парамен ел ашар. – Қара бұлытығ иел ашар ұрұнш біле ел ашар [18, 412 б.].

4) Ескерткіш тіліндегі адам, кісі тақырыбына қатысты мақал-мәтелдер:

Заман өтер, кісі тоймас, адам ұлы мәңгі қалмас. – Өд кешер кіші туймас, иалұнық оғлы меңгү қалмас [18, 74 б.].

Кісі аласы ішінде, мал аласы тысында (сыртында). – Кіші аласы іштін, иылқы аласы таиштын [18, 122 б.].

Басқа кісінің нәрсесі нәрсе болып саналмас. – Адзын кіші неңі нең санмас [18, 130 б.].

Аман болса тірі жан таңды көп көрер. – Тіріг есен болса таң үкүш көрүр [18, 91 б.].

Тау тауға қосылмас, кісі кісіге қосылар. – Таг тағқа қавышмас, кіші кішіге қавышүр [20, 137 б.].

Адам өз ісін өзі тындырып, басқаларға қосылмайды. – Өз көз ер қышлаг [18, 526 б.].

Адам үрленген мес ол, ауызы жазылып босар. – Иалынұқ үрүлміш қап ол агзы иазұлып алқынұр [18, 234 б.].

Абдырап, сасқан адам үйге жетпес (Істе ұшқалақтыққа салынбай, мұқият бол). – Евек евге тегмес [19, 37 б.].

Әрбір кісі өз болмас, жат пен туған тең болмас. – Тегме кіші өз болмас, иат иағұқ түз болмас [18, 493 б.].

Шат, тоқ тұрмысты адам тез қартаймас. – Ашығлыг ер шавұқ қарымас [18, 178 б.].

5) Ескерткіш тіліндегі адамның дене мүшелері тақырыбына қатысты мақал-мәтелдер:

Ауыз жесе, көз ұялар. – Ағыр иесе, көз ұиадзұр [18, 86 б.].

Бес бармақ бірдей емес. – Беш ернек түз ермес [18, 152 б.].

От десе ауыз күймес (тартынғандарға айтылған уәж). – От тесе ағыз көймес [18, 73 б.].

Іскердің ерні – май, еріншектің басы – қан. – Ерік еріні иағлыг ермегү башы канлыг [18, 101 б.].

Ет тырнақтан айырылмас. – Етлі тырнақлы едзірмес [18, 212 б.].

Құлақ естісе, көңіл білер, көз көрсе, құштарлық келер. – Құлақ ешітсе, көңұл білір, көз көрсе үзік келір [18, 252 б.].

Сақалмен ойнар, енегіңді кесер. – Сақақ пышар, сақал охшар [20, 333 б.].

Құрғақ қасық ауызға жарамас, құр сөз құлаққа жақпас. – Құрұқ қашұқ ағызға иарамас, құрүз сөз құлаққа иақышмас [18, 442 б.].

Тілімен дастарханға жетер. – Тілін тергіге тегір [18, 489 б.].

Көсеу ұзын болса, қол күймес. – Көсегу ұзун болса елік көймес [18, 508 б.].

Тілмен түйілген, тіспен жазылмас (Тілмен түйілген, тіспен шешілмес). – Тылын түгмішні тышыи иазмас [19, 38 б.].

Атасы ащы алмас жесе, ұлының тісін қамар. – Атасы ашыг алмыла иесе оглының тышы қамар [19, 452 б.].

Аушы қанша айла білсе, аяқ сонша жол біледі. – Аушы неше ал білсе, адзық анша иол білір [18, 92 б.].

Көрпеден артық көсілсе, аяқ үсір. – Йогұрқанда артұқ адзақ көсүлсе үшіүйір [19, 192 б.].

6) Ескерткіш тіліндегі туыстық атаулар тақырыбына қатысты мақал-мәтелдер:

Ата баласы атаға тартып туар (Атаға тартып ұл туар). – Ата оглы атаиш тұғар [19, 101 б.].

Қарындас десе қарамадық, қайын десе қарадық. – Қадаиш теміш қаймадұқ, қадзын теміш қаймыш [18, 464 б.].

Жолдасқа табынса, ұл болар. – Ұмайға тапынса, оғұл болұр [18, 154 б.].

Бала – біліксіз. – Оглан біліксіз [18, 445 б.].

Қария сөзі қалмас, талдың түйіні жазылмас. – Қал савы қалмас, қағыл бағы иазылмас [18, 469 б.].

Қызбен күреспе, қысрақпен жарыспа. – Қыз бірле күрешме қысрақ бірле иарышма [18, 535 б.].

Бала су төгер, үлкеннің аяғы сынар (Жастардың кемшілігінен үлкендер зиян шегеді). – Оглан сув төкер ұлұг ианы сынұр [20, 37 б.].

Адам баласы мұғаймас, иттің баласы сүрінбес (Адам баласы мұңаймас, иттің күшігі сүрінбес). – Ер оглы мұңадзмас, ыт оглы күлермес [19, 108 б.].

7) Ескерткіш тіліндегі ер, азамат, бек, батыр тақырыбына қатысты мақал-мәтелдер:

Ымды білсе, ер өлмес. – Им білсе ер өлмәс [18, 68 б.].
Егір болса, ер өлмес (әр істің алдын алған ләзім). – Егір болса ер олмес [18, 84 б.].
Күнде жарық (жырық) жоқ, бекте қыйық (айну) жоқ. – Күнде ірүк иоқ, бегде қыйық иоқ [18, 100 б.].
Ерсіреген ерге тимес, асып-әбдіреген үйге жетпес. – Ерсек ерге тегмес, ебек ерге тегмес [18, 136 б.].
Арқасыз батыр шерік бұза алмас. – Арқасыз али шерік сыйумас [18, 159 б.].
Алып ерді жасытпа, жүйріктің арқасын жауыр қылма. – Алып еріг иаврытма, ықылаш арқасын иагрытма [18, 169 б.].
Батырлармен ұрыспа, бектермен тұрыспа. – Алллар бірле ұрұшма, беглер бірле тұрұшма [20, 218 б.].
Батыр майдан шебінде, дана жиында сыналады. – Алр шерікте, білге тірікте [20, 448 б.].
От түтінсіз болмас, жігіт күнәсіз болмас. – От түтүнсіз болмас иігіт иазұқсұз болмас [19, 461 б.].
Ердің сөзі біреу, ердің басы үшеу. – Ер сөзі бір, едзер көкі үш [18, 412 б.].
Жер бастырығы тау, ел бастырығы бек. – Иер басрұқы таг бодзұн басрұқы бег [18, 527 б.].
Қылыш таттанса, іс жүнжір, ер таттанса еті бұзылар. – Қылыш татықса, ыш иүнжір, ер татықса ет тұнжір [20, 410 б.].

8) Ескерткіш тіліндегі ұлт, халық, тайпа, қоныс атаулары тақырыбына қатысты мақал-мәтелдер:

Татсыз түрк болмас, бассыз бөрік болмас. – Татсыз түрк болмас, башсыз бөрк болмас [18, 410 б.].

Ұйғұр, ағашты ұзын кес, темірді қысқа кес (Ағаш кессең, ұзын кес, темір кессең, қысқа кес). – Ұйғұр, йағаш ұзұн кес, темүр қысқа кес [19, 25 б.].

9) Ескерткіш тіліндегі ізгілік, жақсылық, адамның жақсы қасиеті тақырыбына қатысты мақал-мәтелдер:

Жақсылықты судың аяғында таста, басынан ізде. – Едзгүлүкнү сұв адақында кеміш башында [18, 152 б.].

Науқастың өсиеті жақсылық белгісі. – Іглік тұтұғыз адз болұр [20, 110 б.].

Қонақ келсе, құт келер. – Ұма келсе, құт келір [18, 123 б.].

Кеңескен білік озар, кеңессіз білік тозар. – Кеңешліг білік үдзрешұр, кеңешсіз білік ұпрашұр [18, 275 б.].

Құт белгісі білік. – Құт белгүсі білік [18, 488 б.].

Саудагердің азығы таза болса, жол үстінде жер. – Сартның азұқы арыг болса иол үзә иер [18, 96 б.].

Жүзге қарама, қасиет тіле (Бет-жүзіне, шырайына қарама, қадір-қасиетіне қара). – Иүзге көрме, ердзем тіле [19, 20 б.].

Еңбекте кездесетін мақал-мәтелдердің ерекшеліктеріне тоқталсақ, ескерткіш тілінде **кіші аласы иштің, ылықы аласы таиштын** [20, 120 б.] мақалының өзге түркі тілдеріндегі қолданысы мынадай: қазақ тілінде *адам аласы ишінде, мал аласы сыртында*; башқұрт тілінде *әзәм алаһы әсендә, хайуан алаһы тышында*; ноғай тілінде *айван аласы тысында, аьдем аласы ишинде, т.с.с.* Мал сөзі жылқы сөзімен алмастырылса да, мақалдың семантикалық мағынасы бір. Осындай мақалдар арқылы түркі мақал-мәтелдерінің көпшілігінде **құрылым мен мағына сәйкестігі** ұқсас келетінін көруге болады. Бұл туралы Ә. Қайдар былай деп пікір білдіреді: «Бүгінгі түркі тілдерінің сөздік қорындағы мақал-мәтелдерді салыстырып қарастырғанымызда, «ұқсас» санатына жататын мақал-мәтелдердің ұқсастығы ең алдымен олардың мағыналарына байланысты» [16, 126 б.].

Бір немесе екі-үш сөйлемнен тұратын мақал мәтіні шағын болғанымен **семантикалық мазмұны** көлденең бағытта да терең, тік бағытта да аса кең. Мақал мазмұнындағы тұжырымдамалық ақпарат негізінен екі түрлі жолмен беріледі: 1) ойды тайға таңба басқандай ашық әрі айқын жеткізу, паремиологиялық мағынаның эксплицитті болуы; 2) ойды астарлап, бейнелеп жеткізу, яғни паремиологиялық мағынаның имплицитті

болуы. Бұл тұжырымдамалық ойды тиянақтап, көркем де бейнелі әрі жинақы тілмен түйіндеп беретін мақалдың семиологиялық табиғатынан айқын аңғарылады [21].

М. Қашқаридың еңбегінде кездесетін **аңдүз болса, ат өлмес** [18, 145 б.] мақалы арқылы *андыздың* емдік қасиеті айтылады: «*андыз шөбі қолда болса, аттың іш ауруынан өлмейтіні айтылады. Осы мақалға берілген түсінікте: «өйткені, ат ауырған жағдайда бұл өсімдік тамырын ұнтақтап, жаншып емге пайдаланады. Ауырған аттың танауына иіскетсе, ат тұрып кетеді»* делінген [20, 146 б.]. Қазақ тілінде мақалдың *аңдыз болса, ат өлмес* нұсқасы кездеседі. Ә. Қайдардың «Халық даналығы» кітабында бұл мақал *аңдыз болса, ат өлмес, айыр болса, ер өлмес* деп берілген. Ғалым оның мағынасын былай түсіндіреді: «Андыз – мал үшін, айыр – адам үшін шипалы шөп тамырлары. Кептірілген тамырды ұнтақтап, ауру аттың тұмсығына сепсе, не суға салып қойып ішкізсе, ол жазылып кетеді» [16, 194 б.]. Адамға пайдасы жағынан *айырдан* басқа *иір* шөбі айтылатын нұсқа да қолданыста бар: *аңдызды жерде ат өлмейді, иірлі жерде ер өлмейді*. Моңғолия, Қытай қазақтарының қолданысында *аңдызды жерде ат өлмейді, үйірлі жерде ер өлмейді* деген нұсқа болса, башқұрт тілінде бұл мақалда *рауғаш қоса айтылады: ирәуэн барза ир үлмәс, андыз барза ат үлмәс (рауғаш барда ер өлмес, андыз барда ер өлмес)*. Сонымен қатар башқұрт тілінде *андызлы ерзә ат үлмәс, атлы ерзә ир үлмәс (андызды жерде ат өлмес, ат бар жерде ер өлмес)* деген нұсқа қолданылады. Бұдан шығатын қорытынды, зооним, фитоним қатысқан бұл мақал-мәтелдерде халық тәжірибесі көрініс тапқан.

Жазба ескерткіш тіліне кездесетін **қорқмыш кісіге қой башы қоош көрүнүр** [20, 181 б.] мәтелі өзгеріске ұшырағанымен, қазақ тілінде *қорыққанға қос көрінер* [22], башқұрт тілінде *Қурққанға қуш күренә* [23], ноғай тілінде *Корққанға қос коьринер* [23] болып жиі қолданыста жүргенін анықтауға болады. Сондай-ақ еңбекте **адам баласы жоғалар, жақсы аты қалар** [20] мақалы қазіргі қазақ халқында: *ер өлсе де – аты өлмейді* немесе *ат өлер – тұяғы қалар, адам (жігіт) өлер – аты қалар* [22], башқұрт тілінде *ат үлер – тояғы калыр, эзәм (егет) үлер – даны калыр* [22], ноғай тілінде *йигит оьлер, даны калар* [23] деген мақалда мағынасы мен құрылымы сақталған деп айтуға негіз бар.

М.Қашқари еңбегінде де, түркі мақал-мәтелдерінде төрт түлік, оның ішінде жылқыға қатысты айтылған сөздер өте көп ұшырасады. Қазақ халқында *жақсы аттың тісін ашпа, жақсы кісінің жасын сұрама* десе, башқұрттар *якшы аттың йөрөшө тигез, якшы кешенең холко тигез* (жақсы аттың жүрісі тегіс, жақсы кісінің мінезі біртоға), ноғайлар *эр ийгиси бурынлы болар, ат ийгиси эринли болар* (ердің жақсысы мұрынды келер, аттың жақсысы ерінді келер) деп қолданады. Адам мен *аттың* образын бейнелеп беруде тек жақсы қасиеттер ғана сөз болмайды, сонымен қатар адамның жағымсыз мінез-құлқын айту үшін де қолданылған: қазақ тілінде *ат жаманы – соқпақшыл, адам жаманы – тоқпақшыл*, башқұрт тілінде *яман атқа менгәнсе, йғйәү йөрө талғансы, яман қатын алғансы, буйзак йөрө қанғансы* (жаман атқа мінгенше, шаршағанша жаяу жүр, жаман қатын алғанша қалағаныңша бойдақ жүр), ноғай тілінде *яман айғыр анасына қас, яман аьдем йолдасына қас* (жаман айғыр енесіне қас, жаман адам жолдасына қас) мысалдарын көптеп келтіруге болады.

М.Қашқари жылқы мағынасын беретін *yund* лексемасын жекеше көпше түрде де қолданыла беретенін атап көрсетіп, түрік жұртының жыл қайыруындағы он екі жылдың бірінің атауын *yund yılı* «жылқы жылы» деп береді. Жылқы етінің керемет дәмді, хош иісті болатынын *Yund eti ұрар* «Жылқы еті жұпар» деп, етті пісіріп алып салқындатып қойғанда одан татымды хош иіс шығатынын атап өтеді [25]. М. Ескеева *yund* лексемасы туралы якут тілінде «*жаңадан үйретілген жас жылқы*» мәнін беретін *sonoyos* сөзінің қолданылуын қарағанда *jont* моносиллабының бастапқы тұлғасы CVC модельді *yon* болуы да мүмкін. «Китав әл-идрак әл-лисан әл-атрак» шығармасында *yunad* «жылқы» тұлғасы кездесуіне байланысты көне түркілік *yund* лексемасы екі дербес лексеманың кірігуі арқылы жасалған деген тұжырым ғылымда белгілі: *jun+ad (at)*» деген пікір айтады [26, 135 б.].

«Диуани лұғат ит-түрк» еңбегінде кездесетін: *Батыр – майданда, ғалым – әңгімеде сыналар; Күздің келетіні жаздан-ақ белгілі; Бақыт белгісі – білім мен ақыл; Әдептің басы – тіл; Арыстан қартайса тышқан інін күзетер; Қылымси білсе – қызыл киер, жарамсақтана білсе*

– жасыл киер, т.с.с. мақал-мәтелдері қазақ халқында да дәл осы күйінде, кейде сәл ғана өзгерген түрінде көп қолданылып келеді.

Сонымен қатар қазіргі қазақ тілінде айтылып жүрген мақал-мәтелдердің бірқатары сонау көне заман жәдігері. Жазба ескерткіш тіліндегі мақал-мәтелдерге қарап, бұдан он ғасыр уақыт бұрын айтылған даналық ойлар бүгінгі күнге дейін өзінің алғашқы мән-мағынасын жоғалтпағанына куә боламыз. Мәселен, *құс қанатымен, ер атымен; кісі аласы ішінде, жылқы аласы сыртында; ұлық болсаң, кішік бол; інген ыңыранса, бота боздайды*, т.б. М. Қашқари еңбегінде бұдан басқа да көптеген мақал-мәтел адамды әділдікке, арнамысты жоғары ұстауға, махаббатқа адал болуға, мейірімділікке, ізгілікке үндейді.

Қорытынды

Мақал-мәтелдер көне дәуірден бүгінге дейін халықтың даналығын, өмір тәжірибесін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді. Орхон-Енисей жазбаларынан бастап орта ғасырлардағы түркі халқы даналарының шығармалары мен еңбектеріндегі мақал-мәтелдердің күні бүгінге дейін тілімізде қолданыста жүргені соның айғағы. Бұл мақалдар – түркі халықтарының бәріне ортақ. Сонымен бірге түркі тілдеріндегі мақал-мәтелдердің көпшілігі құрылымы, мағынасы, сөздік құрамы жағынан ұқсас болып келеді, оның себебі тарихи жәдігерлердің, рухани-мәдени құндылықтардың ортақтығында, тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрінің ұқсастығында жатыр. Түрлі тарихи жағдайлар, әр халықтың қоныстанған жеріндегі географиялық ерекшеліктер жаңа мақал-мәтелдердің тууына, мақал-мәтел қорын көршілес халықтардың мақал-мәтелдерімен толықтырып отыруға себеп болады. Қазақ мақал-мәтелдерін әр қырынан зерттеп, түркі халықтарының мақал-мәтелдерімен салыстыра отырып қарастырса, әлі де көп нәрсенің ортаға шығары даусыз.

Мүдделер қақтығысы мен қаржыландыру көзі

Мақала АР22786207 «Қашқаританудың ғылыми-әдіснамалық және қолданбалы мәселелері: «Диуани лұғат ит-түрік» жазба ескерткішін ұлттық сананы жаңғыртудың лингвистикалық факторы контекстінде зерттеу» ғылыми жобасы аясында дайындалды.

Авторлардың қосқан үлесі

Қосыбаев М.М. – М.Қашқаридың “Диуани лұғат ит-түрік” еңбегі бойынша (А.Егеубай аудармасы негізінде) мақал-мәтелдерді жинақтап, тақырыптық топтарға жіктеп, салыстырмалы талдау жасауға үлесін қосты. Әділов М. – жазба ескерткіш тілінде кездесетін мақал-мәтелдердің ерекшеліктерін өзге түркі тілдерімен салыстыра отырып пайымдады. Ендібай М. – мақал-мәтелдердің зерттелуіне қатысты теориялық еңбектерді қарастырды.

Әдебиеттер тізімі

1. Фольклортану терминдерінің сөздігі / Жауапты редакторы Ж.Рақыш. – Алматы: Brand Book, 2020. – 272 б.
2. Байтұрсынов А. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1989. – 318 б.
3. Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Толағай групп, 2010. – 254 б.
4. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. – Алматы: Білім, 2006. – 111 б.
5. Березин И.Н. Народные пословицы турецкого племени. – Санкт-Петербург, 1856.
6. Диваев А. Қазақ халық шығармашылығы. – Астана: Алтын кітап, 2007. – 316 б.
7. Радлов В.В. Труды по казахской этнографии. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 387 с.
8. Ибрагимов Ш.М. Очерки быта казахов. – Астана: Алтын кітап, 2007. – 146 с.
9. Мелиоранский П.М. Киргизские пословицы и загадки // Записки Восточного отделения Императорского русского археологического общества. Том 7. – М., 1892.
10. Пантусов Н.Н. Древности Средней Азии. – Казань: Типо-литография императорского университета, 1902. – 21 с.

11. Аманжолов А. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2003. – 368 с.
12. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 469 б.
13. Айдаров Ғ., Томанов М., Құрышжанов Ә. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1971. – 272 б.
14. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 325 б.
15. Сүйіншіәлиев Х. Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы. – Алматы: Мектеп, 1967. – 206 б.
16. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Тоғанай-Т, 2004. – 559 б.
17. Сөз атасы: Мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер / Баспаға дайындаған Ә.Құрышжанов. – Алматы: Жазушы, 1987. – 206 б.
18. Қашқари М. Түрік сөздігі. Том 1. – Алматы: Хант, 1997. – 528 б.
19. Қашқари М. Түрік сөздігі. Том 2. – Алматы: Хант, 1997. – 633 б.
20. Қашқари М. Түрік сөздігі. Том 3. – Алматы: Хант, 1997. – 600 б.
21. Ескеева М., Қосыбаев М. Қазақ, қырғыз және қарақалпақ мақал-мәтелдерінің семиологиялық табиғаты // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – №4(141). – 2022. – 24-34 бб. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-141-4-24-34>
22. Бабалар сөзі. Қазақ мақал-мәтелдері. Том 66. – Астана: Фолиант, 2010. – 488 б.
23. Башкирское народное творчество. Пословицы, поговорки, приметы, загадки. / Сост. Ф.А.Надршина – Уфа: Китап, 2006. – 464 с.
24. Пословицы и поговорки народов Карачаево-Черкесии. – Черкесск, 1990. – 110 с.
25. Kossybayev, M. The concept tort Tuluk in Turkic languages and perception of wealth in diwanu lugat-it-turk (compendium of the languages of the Turks) // World Applied Sciences Journal, 2013, 27(11). – P. 1390-1395. DOI: 10.5829/idosi.wasj.2013.27.11.13724.
26. Ескеева М.Қ. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. – Алматы: Арыс, 2007. – 360 б.

М. Косыбаев*¹, М. Адилев², М. Ендибай¹

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

Особенности пословиц и поговорок в работе М. Кашгари «Дивани лугат ит-тюрк»

Аннотация. Пословицы и поговорки – ключ к познанию культуры, великая сила, участвующая в формировании духовной и материальной культуры, памятник культуры народа, зеркало жизни народа, фольклор, раскрывающий художественную мысль народа.

Мудрые слова, которые звучат рационально и коротко, сложились из древнетюркского языка, это явление, рожденное многовековым жизненным опытом человека. Есть основания полагать, что итоговыми мнениями являются глубоко значимые поучительные слова, которые в народе превратились в пословицы и поговорки, дошедшие с древних времен до наших дней.

Ряд средневековых тюркских письменных памятников, например, написанные М.Кашгари, Ж.Баласагуном, А.Югиники, насыщены пословицами и поговорками. Изучение пословиц и поговорок в наследии средневековья дает возможность изучить тюркское мировоззрение. Признать новое, познавая старое, изучать наследие, оставленное предками, использовать его на благо казахского народа – главное требование сегодняшнего дня. В статье анализируются особенности пословиц и поговорок в труде М. Кашгари «Дивани лугат ит-тюрк».

Ключевые слова: пословицы и поговорки, средневековье, Махмут Кашгари, «Дивани лугат ит-тюрк», письменные памятники, тюркские народы, преемственность.

M. Kossybayev*¹, M. Adilov², M. Yendibay¹

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Features of proverbs and sayings in M. Kashgari's *Diwani Luhat it-Turk*

Abstract. Proverbs and sayings are the key to the knowledge of culture. They play a great force involved in the formation of spiritual and material culture, a monument of the culture of the people, a mirror of the life of the people, folklore, revealing the artistic thought of the people.

Wise words that sound rational and short were formed from the ancient Turkic language, this is a phenomenon born of centuries of human life experience. There is reason to believe that the final opinions are deeply significant instructive words that have become proverbs and sayings among the people that have come down from ancient times to the present day.

A number of medieval Turkic written monuments, for example, those written by M. Kashgari, J. Balasagun, and A. Yugineki, are full of proverbs and sayings. The study of proverbs and sayings in the legacy of the Middle Ages provides an opportunity to study the Turkic worldview. Recognizing the new, learning the old, studying the heritage left by the ancestors, using it for the benefit of the Kazakh people is the main requirement of today. The article analyzes the features of proverbs and sayings in M. Kashgari's work "Divani lugat it-Turk".

Keywords: proverbs and sayings, the Middle Ages, Mahmut Kashgari, Diwani lugat it-Turk, written monuments, Turkic peoples, continuity.

References

1. Folklor tanu terimderinin sozdigi [Dictionary of folklore terms] (Brand Book, Almaty, 2020, 272 p.) [in Kazakh]
2. Baitursynov A. Shygarmalar zhinagy [A collection of works] (Zhazushy, Almaty, 1989, 318 p.) [in Kazakh]
3. Ualikhanov Sh.Sh. Kop tomdyk shygarmalar zhinagy [Multi-volume collection of works] (Tolagay group, Almaty, 2010, 254 p.) [in Kazakh]
4. Altynsarin Y. Kazak hrestomatiyasy [Kazakh anthology] (Bilim, Almaty, 2006, 111 p.) [in Kazakh]
5. Berezin I.N. Narodnye posloviцы turetskogo pelmeni [Folk proverbs of the Turkish tribe] (Saint Petersburg, 1856) [in Russian]
6. Divaev A. Kazak halyk shygarmashylygy [Kazakh folk art] (Altyn kitap, Astana, 2007, 316 p.) [in Kazakh]
7. Radlov V.V. Trudy po kazahskoy etnografii [Works on Kazakh ethnography] (Eco, Pavlodar, 2005, 387 p.) [in Russian]
8. Ibragimov Sh.M. Ocherki byta kazahov [Essay on the Life of the Kazakhs] (Altyn kitap, Astana, 2007, 146 p.) [in Russian]
9. Melioransky P.M. Kirgizskie posloviцы i zagadki [Kyrgyz proverbs and riddles] (Moscow, 1892) [in Russian]
10. Pantusov N.N. Drevnosti Sredney Azii [Antiquities of Central Asia]. – (Typo-lithography of the Imperial University, Kazan, 1902, 21 p.) [in Russian]
11. Amanzholov A. Istoria i teoria drevneturkskogo pisma [History and theory of ancient Turkic writing] (Mektep, Almaty, 2003, 368 p.) [in Russian]
12. Musabaev G. Kazak til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh language education] (Arys, Almaty, 2008, 469 p.) [in Kazakh]
13. Aidarov G., Tomanov M., Kurishzhanov A. Kone turki zhazba eskertkisherinin tili [The language of ancient Turkic written monuments] (Mektep, Almaty, 1971, 272 p.) [in Kazakh]
14. Zholdasbekov M. Asyl arnalar [Асыл арналар] (Zhazushy, Almaty, 1986, 325 p.) [in Kazakh]
15. Suyinshaliev Kh. Ertegedi kazak adebieti hrestomatiyasy [Anthology of early Kazakh literature] (Mektep, Almaty, 1967, 206 p.) [in Kazakh]

16. Kaidar A. Halyk danalygy [Folk wisdom] (Toganai, Almaty, 2004, 559 p.) [in Kazakh]
17. Soz atasy: Makal-matelder men kanatty sozder [Grandfather of the word: Proverbs and catchphrases] (Zhazushy, Almaty, 1987, 260 p.) [in Kazakh]
18. Kashkari M. Turik sozdigi [Turkish dictionary]. T 1. (Khant, Almaty, 1997, 528 p.) [in Kazakh]
19. Kashkari M. Turik sozdigi [Turkish dictionary]. T 2. (Khant, Almaty, 1997, 633 p.) [in Kazakh]
20. Kashkari M. Turik sozdigi [Turkish dictionary]. T 3. (Khant, Almaty, 1997, 600 p.) [in Kazakh]
21. Yeskeyeva M., Kossybayev M. Kazak, kyrgyz zhane karakalpak makal-matelderinin semiologiyalyk tabigaty [Semiological nature of Kazakh, Kyrgyz and Karakalpak proverbs] L.N. Gumilyov atyndagy EYU Habarshysy. Filologia seriasy [Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series], №4(141), 2022, P. 24-34 [in Kazakh]
22. Babalar sozi. Kazak makal-matelderi [The word of ancestors. Kazakh proverbs and sayings]. T. 66. (Foliant, Astana, 2010, 488 p.) [in Kazakh]
23. Bashkirkoe narodnoe tvorchestvo. Posloviy, pogovorki, primety, zagadki [Bashkir folk art. Proverbs, sayings, omens, riddles] (Kitap, Ufa, 2006, 464 p.) [in Russian]
24. Posloviy i pogovorki narodov Karachaevo-Cherkessii [Proverbs and sayings of the peoples of Karachay-Cherkessia] (Cherkessk, 1990, 110 p.) [in Russian]
25. Kossybayev, M. The concept tort tuluk in Turkic languages and perception of wealth in Diwanu Lugat-it-Turk (compendium of the languages of the Turks) (World Applied Sciences Journal, 2013, 27(11), P. 1390-1395) [in English]
26. Yeskeyeva M.K. Kone turki zhane kazirgi kypshak tilderinin monosillabtyk negizi [Monosyllabic basis of Old Turkic and modern Kypchak languages] (Arys, Almaty, 2007, 360 p.) [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Қосыбаев М.М. – хат-хабар үшін автор, PhD, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. ORCID: 0000-0002-6438-2074.

Әділов М.Е. – PhD, жетекші ғылыми қызметкер, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0001-9876-4516.

Ендібай М.Ә. – PhD докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. ORCID: 0009-0004-2892-8668.

Косыбаев М.М. – автор для корреспонденции, PhD, Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан. ORCID: 0000-0002-6438-2074.

Адилев М.Е. – PhD, ведущий научный сотрудник, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан. ORCID: 0000-0001-9876-4516.

Ендібай М.А. – PhD докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан. ORCID: 0009-0004-2892-8668.

Kossybayev M.M. – PhD, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-6438-2074.

Adilov M.E. – PhD, Chief Researcher, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0001-9876-4516.

Yendibay M.A. – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. ORCID: 0009-0004-2892-8668.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).